

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

**№ 11 «Жұлдыз» ортаңғы тобы
«Ардақтайық ананы»
8 наурыз мерекесіне ертеңгілік**



Музыка жетекшісі: Қорғанбаева Р.Ж
Тәрбиешілер: Абдыкова А.Т
Таухабаева И.М

2025-2026 оқу жылы

№11 «Жұлдыз» ортаңғы тобына арналған 8 наурыз мерекесінің ертеңгілігі.

Тақырыбы: «Ардақтайық ананы»

Әдемі әуенмен залға балалар кіріп, жарты шеңберге тұрады.

Жүргізуші:

Армысыздар құрметті қонақтар және біздің кішкене сүйкімді бүлдіршіндеріміз! Бүгін бізде үлкен мереке!

Шуақты көктем күні, күн нұрын төккен күні,
Аналарды мейраммен балалар құттықтайды!
Әжелермен аналар , қыздарменен апайлар,
Сұлуланған, нұрланған , әдемі боп құлпырған,
Би билейміз, жырлаймыз, мерекені тойлаймыз!

(көрініс, балалар залға кіреді)

Ақгүль. Балалар, әлемдегі ең жақсы, ең мейірімді , ең жүрегі жұмсақ кім екен?

Балалар: Аяулы анамыз!

Индира: Балалар, айтыңдаршы.

Бізді жақсы көретін,

Бар жақсыны беретін.

Баласы үшін әрдайым,

Мейірімін төгетін Ол кім?

Балалар: Анашым!

Ақгүль.

Ана деген өмірдегі ұлы есім,

Бақ тілесе анадай – ақ тілесін.

Ана деген ардақты ат, сен оны,

Ана жайлы ән тыңдасаң білесің.

Біздің балалар аналарымызға арнап дайындаған әсем әнін тарту етеді.

Ән: «Мереке» (хор)

1. Бүгін бізде мереке

Аналар күні

Қасықтармен әдемі

Әуен ойнайық

Тук, тук, тук! Ля, ля! Тук, тук, тук! Ля, ля!

2. Көктем келдішуақты,

Қандай керемет

Құстар ұшып келеді,

Әсем ән салып!

Чик, чирик! Ля, ля,ля!

3. Аналарды қуантып

Көңілді ойна

Қоңыраулар аспабын

Сыңғырла ойна

Дин-дин-дин. Ля-ля-ля!

4. Аспаптардың барлығы

Бірге қосылып

Оркестр ойнайды

Қандай тамаша

Индира.

Жүрегіме жыр шашып,

Нұр төгетін Сіз екен.

Құтты болсын анашым,

Балалар: Құтты болсын мерекең!- дей отырып балалардың өлең жолдарын тыңдайық.

Тақпақтар.**Махаббат.**

Жанымызды жайнатқан
Сіздерсіз ғой аналар
Зор денсаулық, мол бақыт,
Тілейді барша балалар.

Айбибі.

Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз.
Бар баланы қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз

Еркемай.

Анашым анам,
Ризамын саған.
Тілінді алам,
Ақылды балаң.

Рамина

Ана деген ақкөңіл,
Күнмен бірге күледі.
Ана деген шат көңіл,
Шарықтайды үнемі.

Имран.

Ақ анашым аппағым,
Өзің жайлы тақпағым
Өзің жайлы әнімде
Арнадым саған бәрінде.

Айым.

Шалқып тасып, әніміз
Жадырасын сәніміз
Ана сені құттықтап,
Әндетеміз құттықтап.

Нұрали

Бесіктерін әнімен
Тербетуде аналар
Жасай берсін сәнімен
Жер бетінде аналар

Акгуль: Ой, балалар, тындандаршы, бізге қонақ келе жатқан сияқты. Қызық! Бұл кім екен?

Күн:

Сәлем бердім нәзік, сұлу қыздарға,
Сәлем бердім ержүрек бар ұлдарға.
Кездесуге асықтым мен сіздермен,
Биленсін би, айтылсын ән бұл залда.

Мен күнмін сондай сұлу, әдемі.
Мерекемен құттықтағым келеді.
Ақ әжелер, аяулы бар аналар,
Мерекеміз құтты болсын балалар!

Акгуль:

Сәлеметсің бе, шуақты күн! Сен біздің аналарымыз бен қыздарымызды, әжелерімізді 8 наурыз мерекесімен құттықтауға асығып жетіпсің. Көп рахмет саған! Төрлет, ән тындап, би билеп біздің қызықты мерекемізде балалармен бірге бол.

Күн:

Рахмет балалар!

Индира. Ойын: «Қызғалдақтар»

Ақгүль . Біздің балаларымыз аналарына арнап көп тақпақтар жаттап келді. Балаларымыздың тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Балалардың тақпақтары:

Муслима.

Еркелеттің асырадың
Мойыныңа асыламын
Аман болшы ардақты анам
Мен әрқашан қасыңдамын

Нұрқанат

Теңдесі жоқ данасың
Арқа сүйер панасың
Еңбегіңді ақтаймын
Аман болшы анашым

Бекет

Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз

Диана

Аспандағы айымсың
Бақытымен балаған
Құтты болсын мерекен
Айналайын жан анам

Асылым

Айналайын анашым
Көкке күн боп жанасың
Ет жүрегім елжіреп,
Құшағыңа аласың

Еңлік

Баланың да тірегі
Дананың да тірегі
Ауырмасын әрқашан
Аналардың жүрегі

Марьям. Ә

Таусылмайды өлеңі
Күнде айтып береді
Барған сайын бір жерге
Кәмпит алып келеді
Әжем мені өйткені
Өте жақсы көреді

Айсана

Мерекені қарсы алып,
Мәз болады барша жұрт
Гүл ұсынып анаға
Менде бердім ән салып.

Күн:Рахмет балалар! Балалар менің кететін уақытым болды. Мен сендермен қоштаспаймын, әлі де сіздермен бірге боламын. Сіздер серуендеген кезде мені көретін боласындар. Көріскенше сау болындар, балалар! (музыка ойнап көктем шығып кетеді)

Индира: Ой, балалар, тыңдаңдаршы, бізге қонақ келе жатқан сияқты. Қызық! Бұл кім екен?
(Әуенмен залға көктем кіреді)

Ару көктем: Сәлеметсіздер ме балалар! Балалар бүгін мен сіздерге көктем мерекесі аналарымызбен қыздарымыздың мерекесіне келдім.

*Мен көңілді көктеммін,
Быттыр келіп кеткенмін.
Көзін ашып бұлақтың,*

*Түбіне тал еккенмін,
Құстар әнін ала келдім,
Жерге кілем жаба келдім.*

Индира: Сәлеметсің бе ару көктем! Біздің балаларымыздың барлығы әдемі, ал бүгін ерекше көңілді. Ару көктем, біздің шақыруымызды қабыл алып мерекемізге келгеніңізге рахмет. Балалар сізді көптен күтті. Сізге арнап дайындаған мерекелік өнерімізді қабыл ал.

Би: «Қуыршақтар»

Индира. Ой, балалар, тыңдаңдаршы, бізге қонақ келе жатқан сияқты. Қызық! Бұл кім екен? (Әуенмен залға көктем кіреді)

Ханзада топқа кіреді. Сәлеметсіздерме аналар, құрметті қонақтар, барша ару қыздар мерекелеріңіз құтты болсын. Сіздерді құттықтауға менде келдім. Алдымен әнімізді қабыл алыңыздар.

Қане балалар ханзадаларым қыздардың мерекесіне арналған қыздарай әнімізді тарту етелік!

Ән: «Мерекесі қыздардың»

- 1. Мерекесі аналардың
Мерекесі қыздардың
Осы күні апаратын
Гүл шоғы бар ұлдардың*

*Айхой қыздарай
Пай-пай қыздарай
Қыздарай, қыздарай*

- 2. Ару қыздар, сұлу қыздар
Би бейлейді тамсанып
Нағыз сері біздер ұлдар
Құттықтаймыз ән салып*

Би: «Сикырлы қалпақтар»

Ақгүль. Ойын «Көңілді орамалдар»

Ақгүль.

Көктем келді жеріме,
Бақ әкелсін еліме.
Күн күлімдеп көгімде,
Шуақ шашсын төгіле.

Ару көктем: Балалар менің кететін уақытым болды. Мен сендермен қоштаспаймын, әлі де сіздермен бірге боламын. Сіздер серуендеген кезде мені көретін боласыңдар. Көріскенше сау болыңдар, балалар! (музыка ойнап көктем шығып кетеді)

Ақгүль. Асыл аналар! Мінекей сіздерді әлпештеп аялап отырған балапандарыңыз болашақта осындай беделді азаматтар болатынына біз сенеміз. Әлемнің бастауы мен таусылмайтын қазынасы өздеріңіз.

Индира. Бір ғана емес қадір тұтқан балалар,
Аналардан туған небір даналар.
Ана деген тіршіліктің тірегі,
Мерекенмен қасиетті аналар!

- Осымен бүгінгі «**Ардақтайық ананы**» атты мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды. Сау болыңыздар!

